



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



Сағатбек Медеубекұлы

Журналистика факультетінің деканы,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Сағатбек Медеубекұлының 60 жас мерейтойына арналған
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЗАМАНСӨЗДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ
ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК»** атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 3 қараша, 2018 жыл



МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-практической конференции
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: НАУЧНАЯ ПУБЛИЦИСТИКА И
ЖУРНАЛИСТСКОЕ МАСТЕРСТВО»**,
приуроченной к 60-летнему юбилею декана
факультета журналистики,
кандидата филологических наук, доцента
Сағатбека Медеубекұлы
Алматы, 3 ноябрь 2018 года

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Журналистика факультетінің деканы, филология
ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубекұлының
60 жас мерейтойына арналған
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ:
ЗАМАНСӨЗДЕГІ ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ
ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК»** атты
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, 3 қараша, 2018 жыл

МАТЕРИАЛЫ
республиканской научно-практической
конференции
**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: НАУЧНАЯ ПУБЛИЦИСТИКА
И ЖУРНАЛИСТСКОЕ МАСТЕРСТВО»**,
приуроченной к 60-летию юбилею
декана факультета журналистики,
кандидата филологических наук, доцента
Сағатбека Медеубекұлы
Алматы, 3 ноября 2018 года

Алматы
«Қазак университеті»
2018

Ғылыми редактор:
филология ғылымдарының докторы **Рамазан А.Ә.**

Жауапты редактор:
аға оқытушы **Данаева Н.Т.**

«Рухани жаңғыру: замансөздегі ғылыми стиль және журналистік шеберлік» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / жауапты редактор Н.Т. Данаева – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 307 б.

ISBN 978-601-04-3675-6

Бұл жинаққа филология ғылымдарының кандидаты, доцент, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлының 60 жас мерейтойына орай өткізілген «Рухани жаңғыру: Замансөздегі ғылыми стиль және журналистік шеберлік» атты конференция материалдары топтастырылған. Ғалымдар мен докторанттардың, студенттер мен магистранттардың, жазушылар мен елімізге танымал тұлғалардың ғылыми мақалалары мен жүрекжарды лебіздері енгізілген.

ISBN 978-601-04-3675-6

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

Абай САДУАКАСОВ,
аға оқытушы
Айнур СЛЯМОВА,
2-курс магистранты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАҚ ЖҰМЫСЫ: ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ДАҒДАРЫСТАР НЕГІЗІНДЕ

БАҚ әрдайым қоғамның келбетін шынайы ашып көрсетіп, билік пен халықтың арасындағы дәнекер болып қызмет етеді. Бірақ қазіргі ақпарат дәуірінде бұл «алтын көпірдің» орнына мүдделер бәсекесі келіп жайғасқандай. Танымал американдық жазушы Роберт Шекли: «Ақпарат майданында шындық әрдайым жеңіліс табады. Өткені, ол тек шындықпен шектеледі. Ал өтірік болса қалағанын айта береді» - деген екен. Сол себепті, ақпаратты басты қару қылып, кез-келген саяси, рухани, мәдени шабуыл жасау – бүгінгі күннің басты бәсекесі.

Ақпараттың саяси аренадағы ықпалы орасан. Ол билік пен халықтың арасына от салып, азамат соғысының туындауына да алғышарт бола алады. Сонымен қатар, елдер арасындағы дипломатиялық байланысты үзіп, белгілі бір мемлекетті шеттетіп, идеологиялық қысым түсіруінде де мүмкіндігі зор.

Ақпараттың елдердің саяси беделіне нұқсан келтірген жағдайға Катар мен араб елдерінің арасындағы кикілжінді атап көрсетуге болады. Туыстас елдер арасына 2017 жылдың орта тұсында сызат түсіп, дипломатиялық қатынстар үзілген болатын. Салдарынан Катар саяси-экономикалық дағдарысқа ұшырап, елдің жағдайына айтарлықтай нұқсан келді.

Осы дағдарыстың шығуына қандай жағдайлар түрткі болды? Ия, саяси жағынан түрлі себептерді тізбектеп беруге болады. Оларға сәл кейінірек тоқталып өтсек, ал бұл жанжалдың шығуына негізі, бейресми себептің бірі – БАҚ арқылы таратылған жалған ақпарат.

АҚШ президенті Дональд Трамптың араб елдеріне ресми сапарынан кейін Катардың ақпараттық порталдарының бірінде Катар басшысының бір үндеуі жарияланған болатын. Мақалада Катар тарапының Ирандағы болып жатқан террористік

көзқарасты қолдайтындығы айтылған. Кейін бұл ақпарат жойылып, белгілі болғандай оның хаккерлердің ақпараттық порталға жасаған шабуылынан кейін арнайы араздандырушы мақсатта жарияланған материал болып шыққандығы белгілі болды. Бірақ, «болар іс болды, бояуы сінді». Ал кейін әлемдік БАҚ өкілдерінде жарияланған мәліметтерде келесі себептер ашып көрсетіледі.

Қатардың ақпарат құралдары шұғыл хабарламасында Қатар Әмірі шейх Хамд бен Халифе әл-Санидің маусымның 6 күні мәлімдеме жариялап, қарулы күштеріне бұл елге жасалған кез келген шабуылмен қарсыласуға толық дайын болу туралы бұйрық бергенін хабарлады.

Қатар Әмірінің бұл бұйрығы Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің ішіндегі осы ел мен Сауд Арабиясы, Бахрейн және Біріккен Араб Әмірлігі арасындағы қайшылықтың жоғары толқынына жеткенін көрсетеді.

Араб елдері нақты айтқанда Қатар мен Сауд Арабиясының арасындағы қайшылықтардың тамыры неде?

Біріншіден, бұл қайшылықтардың тамыры Сауд Арабиясының Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесіндегі саясатына оралады. Сауд режимі Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің басқа мүшелерімен өзінің қоластындағы мемлекеттер сынды қарым-қатынас орнатып, олардан ешбір сұрақсыз Риядтың аймақтағы саясаттарын қолдауды талап етеді. Кез келген мемлекет өз алдына тәуелсіз болғысы келеді.

Екіншіден, Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің мүшелері, соның ішінде Қатар және Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі мен Бахрейн аймақ мәселелеріне қатысты ұстанымдарында қайшылықтарға ие. Бұл салада Мұсылман бауырлары мен ХАМАС, араб наразылықтары және ИИР мен қарым-қатынастардың қандай болуы сынды мәселелер басқа мәселелерге қарағанда Қатар мен аталмыш үш елдің арасындағы қайшылықтарға көбірек әсер етуде.

Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі мен Бахрейн үкіметтері Мұсылман бауырлары мен ХАМАС-ты лаңкестік топтардың қатарына қосады, ал Қатар үкіметі олармен жақын қарым-қатынас орнатуда. 2014 жылы да дәл осы мәселе Қатар мен Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің аталмыш үш мемлекетінің

арасындағы дағдарысқа себеп болып, олар өз елшілерін Дохадан қайтарған болатын.

Қатар үкіметі 2011 жылы Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадан басталған үкіметтерге қарсы наразылықтарға аймақтағы өз орнын нығайтатын мұрсат ретінде қарады, ал Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі мен Бахрейн сол наразылықтардың негізгі қарсыластары болды.

Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі мен Бахрейн ИИР-н аймақта қайшылық тудырушы санап, Тегранмен қарым-қатынастарын азайтпақ. Қатар үкіметі ИИР-ын аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа оң әсер етуші деп білумен қатар, Тегранмен арадағы қарым-қатынастарын кеңейткісі келеді. Осыған орай Қатар Әмірінің әскери күштеріне берген бүгінгі бұйрығында «Қатарға тиесілі суларға рұқсатсыз батыс немесе шығыс жағынан кіретін әскери және әскери емес кез келген кеме нысанаға алынады» деп баса айтылған. Бұл бұйрық тек Иранның ортақ шекараларынан келетін кемелер мен қайықтарға ғана қатысты емес.

Үшіншіден, Қатар мен Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі мен Бахрейн арасындағы қайшылыққа АҚШ пен кейбір еуропалық мемлекеттердің араласушылық саясаттары себеп болды. Аталмыш елдердің арасындағы жуырдағы қайшылық АҚШ Президенті Дональд Трамптың Рияд сапарынан бір күннен кейін орын алды. Дональд Трамп бұл сапарда Сауд Арабиясының аймақтағы саясаттарын қолдап, Қатардың аймақтық саясатына күмән білдірді. Бұл ұстаным Қатар басшыларының реакциясымен кезікті. Қатардың реакциясы осы ел мен Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесіне мүше басқа үш ел арасындағы қайшылыққа соқтырды.

Таяу Шығыс елдерінің басым бөлігі мұсылмандар болғандықтар әлемдік «исламофобияның» да негізгі ошағы осы елдерде. Жаңа мыңжылдықтың басынан жалғасып келетін бұл дерт көптеген елдердің рухани, экономикалық құлдырауына себеп болды. Өкініштісі, оның әлі күнге дейін бір шешімін таба алмай келе жатқандығы.

Әлемдік және отандық БАҚ өкілдерін шолып өтсек, ақпарат ағынында сағат сайын кемінде 3-4 ақпарат осы Таяу Шығыстағы

мәселеге байланысты жарияланып тұрады. Яғни, әлемнің назары әлі де осы өңірден ажырай қойған жоқ.

Ақпараттардың басым бөлігінде сансыз әскери шабуылдар, террористердің сансыз жарылыстары мен осы өңірдегі ұлы державалардың мүдде үшін күресі жайлы жазылады.

Сонымен қатар, халықтың нашар хәлі де назардан тыс емес. Халықаралық ақпарат құралдарында Шығыс Африка елдеріндегі ахуалдың күрт нашарлап, жарты миллионға жуық адам ашаршылық салдарынан ажал аузында тұрғандығы хабарланған болатын. Кейін БҰҰ тарапынан гуманитарлық шараларға да түрткі болды. Бірақ БАҚ-тың осы аймақтағы жағдайды жиі сөз еткенімен, саяси-экономикалық жағдай оңалар емес. Кейде сан мыңдаған ақпараттың салдарынан дағдарыс одан ары өршіп, негізгі зардап шегуші тарап назардан тыс қалып қойғандай. Көпшілік осы секілді ақпараттарға немқұрайлы қарай бастап, ақуталдығы жойылмағанымен, үйреншікті құбылысқа айналғандай.

Бірақ Таяу Шығыстағы дағдарыс тек террористік сипат алады деген сөз емес. Осы өңірге кіретін басқа да елдерде дағдарыс басқа да салдар мен себепке ие. Мысалға, жұмыссыздыққа қарсы түрлі ереуілдер ұйымдастырылған болатын. Билік пен халық арасына жік түсіп, азамат соғысына ұласқан жағдайлар да Таяу Шығыс елдеріне таңсық дүние емес.

Билікке қарсы жаппай бас көтерулер болып жатқан елдерде сыбайлас жемқорлықтың тарам-тарам жүйелерінің қалыптасуы заңды құбылыс. Уақыт өте келе, бұл жүйелер ұлттық үкіметтердің қызметінің тиімсіздігіне және халықтың әлеуметтік жағынан жік-жікке бөлінуіне алып келді. Мысалға, Тунисті алайық. Бұл елдегі саяси дағдарыстың басты себептері - жұмыссыздықтың көз ілеспес жылдамдықпен өршуі және сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі. Өйткені соңғы жылдары ел экономикасының қомақты бөлігіне екі клан: ел Президенті мен оның жұбайының кланы бақылау жасап келді. Екіншіден, Тунис, Йемен, Мысырдың (Египет) билеушілері халық тарапынан болатын кез келген формадағы наразылықтарды басып-жаншу үшін, күштік құрылымдар мен әкімшілік аппаратқа сүйенетін қатаң тәртіп орнатты. Мысал үшін тағы да Тунистегі жаппай тәртіпсіздіктер хроникасын келтірейік.

- 17 желтоқсан – Мохаммед Буазизи атты институт бітірген жас жігіт өзіне көшеде тұрып аскөк сатуға тыйым салғандықтан (бұрынғы студенттер арасында жұмыссыздық деңгейінің жоғарылап кетуіне қарсылық ретінде) өзін-өзі өртеді. Ол ушығып тұрған ахуалды жарған детонатор рөлін атқарды.

- 24 желтоқсан – Буазизи өзін-өзі өртеген Сиди-Бузидте ызыаланған топ елдегі билеуші конституциялық-демократиялық партияның штаб-пәтеріне, ұлттық гвардияның штаб-пәтеріне, вокзалға шабуыл жасады.

- 3 қаңтар – билікке қарсылық білдіруші студенттерді Бүкілтунистік еңбек бірлестігі қолдады. Сол күні елдің батысындағы Тала қаласында негізінен студенттерден құралған 250 адам Сиди-Бузидтегі шерушілерді қолдап көшеге шыққанымен, полиция оларды қуып таратты.

- 12 қаңтар – үкіметке қарсы бас көтерулердің көлемі ұлғайып, жаппай толқулар ел астанасына дейін жетті. Алғашында бейбіт максатта басталған шеру, кейіннен бүлікке ұласқан соң, полиция қару қолдануға мәжбүр болды.

- 14 қаңтар – Тунис президенті З. Бен Әли жағдайды қалыпқа түсіруді ойлап, елдегі үкіметті таратып, жаңадан сайлау өткізуге уәде берді. Сонымен қоса, елдің барлық аумағында төтенше жағдай жарияланды.

- 15 қаңтар – президент З. Бен Әли елді тастап шығуға мәжбүр болған соң, әскерилер билікті өз қолдарына алды.

Тунистегі тәртіпсіздіктерді өз көзімен көргендердің айтуынша, шерушілер ұйымдасқан түрде әрекет еткен: жастардың бір тобы елді мекендердің көшелерін баррикадалармен жауып тастаса, екінші бір топ билеуші партияның жергілікті комитеттері мен полиция бөлімшелеріне шабуыл жасаса, үшінші бір топ З. Бен Әли мен оның жұбайы Ләйланың туыстарының виллаларын талқандапты. Үшіншіден, бәрінен бұрын, білімді жастардың арасында жұмыссыздық күрт өсті.

Араб елдеріндегі жұмыссыздар санының анағұрлым көп бөлігін жастар құрайды. Мәселен, жұмыссыздық деңгейі Сирияда - 40 пайызды, Йеменде – 35 пайызды, Тунисте – 22 пайызды, Алжирде – 20 пайызды, Мысырда – 20 пайызды құрайды.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) есебінен алынған мәліметтерге сүйенсек, Таяу Шығыс елдеріндегі өткен онжылдықтардағы демографиялық жарылыстың салдары аймақтағы жұмыссыздықтың 75 пайызға дейін ұлғаюына әкеліп соқтырды. Мысалға айтсақ, Мысырда халықтың үштен бір бөлігін, Алжирде халықтың төрттен бір бөлігін 15 жастан кішілер құрайды. Иорданиядағы халықтың орташа жасы – 21 жас, ал Йеменде орташа жастағылар деп 18-ге толмағандарды айтады.

Бұған дейін жұмыс іздеген жастардың көбі Еуропаға, АҚШ-қа және өзге елдерге қоныс аударуды тығырықтан шығудың жалғыз жолы деп білетін. Алайда, көптеген мемлекеттер экономикалық дағдарыс жылдарында араб жастарының көшіп келуіне жылдам шектеу қойды. Яғни сарапшылардың есептеуінше, мұндай факторлар Таяу Шығыс елдеріндегі бас көтерулердің денін бәрінен бұрын жастар құрағанына себеп болды.

Қазіргі Таяу Шығыстағы ахуал дереу шешімдерді талап етеді. Дағдарыстың өршіп кеткендігі соншалық, тек белгілі бір мемлекеттердің ғана емес, әлем елдері жұмыла шешуге қажетті проблемаға айналып үлгерді. Дегенмен, қазіргі дағдарысты шешу үшін қысқа мерзімді пайымдаулардан аулақ болу шарт. Болашақтың мүддесіндегі асығыс шешімдер үлкен салдарға себеп болады.

Таяу Шығыстағы қақтығыстар әлем экономикасына да өзіндік әсерін тигізетіндігі белгілі. Ендігі мақсат мүдде үшін аяқасты қойып, өшпенділік, діни экстремизм, иллюзиялық «тұрақтылық» пен жемқорлықты жою болып отыр. Адам құқықтарын қорғап, олардың бейбіт өмірге қол жеткізуіне ықпал ету басты міндет екендігін ашып айтқан жөн.

Ең алдымен, Таяу Шығыстағы диктаторлықтан бас тарту керек делінеді кейбір БАҚ өкілдерінде. Әрине, бұл ақпарат АҚШ және оның серіктес мемлекеттерінің ұсынатын шешімнің бірі. Олар осы үкіметтердің қатысуынсыз болуы үшін, оларға сенім артпай немесе сенімді серіктес ретінде қаралмауы керек. Таяу Шығыстағы қоғамдық кәсіпкерлер, азаматтық қоғам белсенділері, еріктілер мен реформаторлар ұсынатын жұртшылықтың көмегіне жүгіну тиімді жолдардың бірі болып отыр. Дегенмен, бұл бағыттың бейбіт тұрғындарға қауіп төндіру қатерін де

жасырмаған жөн. Сол себепті, халыққа қорғаныс пен инвестиция
кажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Baru, Sanjaya (2011) "The Gulf and Asia: Geopolitical Implications of Geo-Economic Changes." Paper presented at the Parsing the Reality and Promise of Gulf-Asia Engagement Seminar, International Institute for Strategic Studies (IISS), Manama, Bahrain. October 15-16.
2. Beng, Phar Kim, & Vic Y. W. Li (2005) "China's Energy Dependence on the Middle East: Boon or Bane for Asian Security?" The China and Eurasia Forum Quarterly 3:3, 19-26.
3. Bianchi, Robert (2012) "Morsy in Beijing: Implications for America's Relations with China and the Islamic World," Middle East Insights, Middle East Institute (NUS), No. 75, September 12.
4. Blumenthal, Dan (2005) "Providing Arms: China and the Middle East," Middle East Quarterly, Spring, 11-19.
<http://www.meforum.org/695/providing-arms>
5. Bo, Zhiyue (2011) "China's Middle East Policy: Strategic Concerns and Economic Interests," Middle East Insight, Middle East Institute (NUS).
<http://www.mei.nus.edu.sg/publications/mei-insights/chinas-middle-east-policy-strategic-concerns-and-economic-interests>
6. Brenton, Paul, Lulu Shui, & Peter Walkenhorst (2010) "Globalization and Competition from China and India: Policy Responses in the Middle East and North Africa," in Jose R. Lopez-Calix, Peter Walkenhorst, & Ndiame Diop (Eds.) Trade Competitiveness of the Middle East and North Africa (pp. 227-266). Washington DC: World Bank.
http://siteresources.worldbank.org/INTRANETTRADE/Resources/Pubs/TradeCompetitiveness_in_MENA.pdf

Шынар КЕҢЕСБАЕВА,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Семей қаласының Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеті

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ
ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**

Ояу ойлы публицист Шәкәрім Құдайбердіұлының мол мұрасының бір саласы қаламгердің әр жылдары қазақ баспасөзі беттерінде жарық көрген сан-салалы тақырыпты қамтитын публицистикалық еңбектері болып табылады.